

## Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп психологтарының 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстары жайлы

### Мәлімет

2023 жылдың тамыз айында психологтардың психологиялық қызметі бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары жасалынып, бекітілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың психо-физиологиялық денсаулығын, дамуын есепке алып, жеке тұлға ерекшелігін жан-жақты зерттеп, жан дүниесін дамыту, оқытуға психологиялық қолдау көрсету. Педагогтардың психологиялық мәдениетінің жоғарылауына психологиялық қолдау көрсету, бағыт беру. Ата-аналарға психологиялық – педагогикалық көмек көрсету.

Қыркүйек айында 1-11 сыныптарға келген оқушылардың тізімін алып жинақталды. Бастауыш 1-4 сыныптар аралығында 190 оқушы болса, 5-11 сынып аралығында 396 оқушы бар. Қозғалыс есебі бойынша 1-11 сыныптар аралығында жалпы саны 586 оқушы.

Тамыз айында үйден оқытылатын оқушылардың құжаттарын қайта дайындап, олардың ата-аналарынан өтініштер алынып, сұхбат жүргізіліп, кеңестер берілді.

2023 жылдың қыркүйек айында МПМК қорытындысы бойынша 8 сынып оқушысы Алмас Әділ, 7 сынып оқушысы Бүркіт Динара, 4 сынып оқушысы Сапар Жанерке көмекші мектеп бағдарламасымен үйден оқытылса, 1 сынып оқушысы Сүтемген Аяла денсаулығына байланысты жалпы мектеп бағдарламасы бойынша үйден оқытылуда. Үйден оқытылатын оқушыларға арнайы сабақ кестесі жасалынып, пәндер бойынша мұғалімдер сабақ беруде.

Жоспар бойынша қыркүйек айының алғашқы күндерінен бастап 1 сынып пен 5 сынып оқушылардың жаңа сатыға өтуіне байланысты, ата-аналарға «5 сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» туралы ата-аналар жиналысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2023 жылдың қыркүйек айында 5 сынып оқушыларынан «Мектепке бейімделу кезіндегі оқушылардың қобалжу деңгейін анықтау» әдістемесі жүргізілді. Қыркүйек айының алғашқы күндері 5-6 жасар балалармен танысып, тізімін ала отырып, балалардың оқуға деген даярлығы анықтау мақсатында, сауалнама алынып, әңгімелесу жұмысы жүргізілді.

Бірінші сыныпқа қабылданған балаларды психодиагностикалық минимумнан өткізу мақсатында, «Керн-Йерасек» тестіндегі ер адамның суретін салғызып, оқушылардың қимыл-әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімділігі анықталды. Бірінші сынып оқушыларына арналған «Графикалық диктант», «Жіптің ұшын тап», «Тауып ал да, сызып таста», «Баспалдақ» әдістері алынды. Мақсаты: 1-сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау.

Сондай-ақ, оқушылардың қабылдауын және ойлауын анықтау мақсатында, оқушыларға фигуралары бар парақ таратылып, бірдей фигураларды бояп шығу ұсынылды. Оқушылар шамалары келгенше бірдей фигураларды бояп, нәтижесі шығарылды.

Оқушылардың таным процестерінде ақаулығы бар және оқуға даярлығы төмен балалармен түзету-дамыту жұмыстарды жүргізіліп, тренинг ойын-жаттығулар өткізілді.

5 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасын анықтау, олардың кіші буынан орта буынға көшуге бейімделуін бағалау мақсатында «Мектепке қарым-қатынасым» және 6 сынып оқушыларынан «Пәндерге деген көзқарасын» анықтау сауалнамасы алынып, нәтижесі шығарылды.

Оқушылармен психологиялық қызметтің 5 бағыты бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Психологиялық қызметтің арнайы бағыттары бойынша: құқықбұзушылықтың, зорлық – зомбылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу және болдырмау үшін ата-ана мен сынып жетекшілермен бірлескен жылдық жұмыс жоспары жасалынып, бекітілді.

Оқу жылы басында мектептегі оқушылардың психологиялық-эмоционалды көңіл-күйін жақсарту мақсатында, МДТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекші және ата-аналармен бірлескен іс-шара жоспарлары бойынша психологиялық жұмыстар жүргізіліп келеді.

Сынып жетекшілер мен оқушылардың ата-аналарына жиналыс барысында психологиялық көмек көрсету, келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында профилактикалық ағарту жұмыстары жүргізіліп, тренингтер өткізілді.



11 сынып	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Жалпы саны:</b>	23	24	4	2	0	0	23	24

Қыркүйек айында 1-11 сынып оқушылар арасынан темпераментті анықтайтын «Темперамент типін анықтау» тесті, оқу мотивациясын анықтайтын оқу түрткісі сауалнамасы алынып нәтижесі шығарылды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы 7-11 сыныптар аралығындағы оқушыларынан «Өзін-өзі бағалау» сауалнамасы және «Психогеометриялық фигуралар» әдістемесі алынып, нәтижесі шығарылды.

Оқушылармен психологиялық сауалнама, тестер алынып, алдын-алу жұмыстары мен тренингтер өткізілді. Буллинг, Кибербуллинг және әлеуметтік желілердің зияндығы туралы оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Сынып жетекшілерінің хабарламасы бойынша сабақтан себепсіз көп қалатын оқушылардың үйіне барып, ата-анасымен байланыс жасай отырып психологиялық жұмыстар жүргізілуде. Балалармен жеке сөйлесіп, кеңестер берілуде.



11 сынып оқушыларды ҰБТ тестке дайындау мақсатында, «Стрестен қалай құтылуға болады?» сауалнамасы «Менің көңіл күйім» тесті алынып, тренинг сабақтар өткізілді.






Сондай-ақ, «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы» тақырыбында, ғаламтордың жағымды және жағымсыз жақтары және баланың ғаламторға тәуелділік қалыптаса бастағанын қалай білуге болады?-деген, әлеуметтік желідегі қауіп – Буллинг, кибербуллинг туралы ата-аналарға слайд арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналарға арналған кеңестер берілді.



Балалардың ұялы телефондарын күнделікті бақылап отыру керектігі ата-аналарға ескертілді. 17 қараша күні ұстаздар арасында «Мұғалім-оқушы, қарым-қатынасы және оның оқу тәрбие процесіндегі ықпалы» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды.



Әр тоқсан сайын «Инабат» қыздар ұйымымен бірлесе отырып, қыздар жиналысы өткізіліп, «Ерте жүктіліктің алдын алу», Қыздарға тән мінез-құлық тақырыбында баяндамалар оқылып, бейнероликтер көрсетіліп, кеңестер беріліп келеді. Мектептің 9-10 сыныптарының қыздары арасында «Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі» тақырыбында пікірталас өткізілді.



Кәсіптік бағдар беру мақсатында, жоғары сынып оқушыларынан Дж. Голланд тесті алынып, нәтижесі шығарылды.

Қазан айында мектеп бітіруші 11 сыныптардан ҰБТ алдында қобалжу деңгейін анықтау мақсатында «Мен өзіме сенемін» тренингі өткізіліп, «Өмірдің мәні» тақырыбында сұрақ-жауап, әңгімелесу өткізілді.

2023 жылдың 15 қараша күні даярық сыныптарының ұстаздарына аудандық семинар өтті. Аудандық семинарға «Бала біздің болашағымыз» тақырыбында ұстаздарға арналған психологиялық тренинг өткізілді.

Қараша айында сынып оқушыларынан «Оқу мотивациясын анықтау» сауалнамасы алынып, «Қауіпсіз интернет», «Мен және интернет» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Жоғары және орта буын оқушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Өз көңіл-күйіңді қалай басқаруға болады?», «Жақсылық жақсылықпен қайтады» тақырыптарында видеороликтер көрсетілді. 8-11 сынып оқушыларына психологтың ұйымдастыруымен «Зиянды әдет – қоғамдық дерт» тақырыбында баяндама оқылып, бейнеролик көрсетілді.

«Бақытты ана – бақытты бала - бақытты ел» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Әлеуметтік педагог Ш.Мырзакеева «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқыды.



Психологиялық қызметтің арнайы бағыттары бойынша: құқықбұзушылықтың, зорлық – зомбылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу және болдырмау үшін ата-анамен тренингтер өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Құқықбұзушылық пен буллингтің

алдын алу» іс-шарасы бойынша кәмелеттік жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау мәселесі бойынша оқушыларға видеороликтер көрсетіліп, кеңестер берілді.

Іс-шара барысында ұстаздар мен ата-аналарға «Қар қиыршақтары» тренингі мен «Гүл» салу жаттығуы өткізілді. Тренингке ата-аналар белсене қатысып, өздерінің ой-пікірлерін орта салды.



Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін дәріс оқылып, ана мен баланы қорғауға бағытталған заң нормативтері түсіндіріліп, әйел мен бала денсаулығына қатысты мәселелер талқыланды.

5-8 сыныптары оқушыларының арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, «Отбасы, ата-ана» туралы видеоролик» және 9-11 сынып оқушыларына «Достық» туралы видеоролик көрсетілді.

Қараша айында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн акциясы» аясында оқушылармен және олардың ата-аналармен психологиялық жұмыстар жүргізілді.

7-8 сынып оқушыларының қатысуымен «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» флешмоб өткізілсе, 9-10 сынып оқушылары арасында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында пікір талас өткізілді, 5-6 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында шығармашылық жұмыстар алынды.



Сонымен қатар, тақырыптық кітапшалар, жаднамалар, ақпараттық парақшалар таратылды. Тренинг соңында оқушылар «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында постер қорғап, кері байланыс жасады.



Қараша айының 10 күні даярлық сынып мұғалімдері арасында «Баланың көркем-тілдік, музыкалық және қимыл-қозғалыс іс-әрекетінде шығармашылық қабілеті мен эстетикалық сезімін дамыту» тақырыбында өткен адандық семинарда, «Бала біздің болашағымыз!» тақырыбында тренинг өткіздік. Мұғалімдер тренингке белсене қатысты, көңіл күйлері көтеріліп, қызықты өтті.



Желтоқсан айында ата-аналар жиналысында «Бала өмірінің қауіпсіздігі туралы ата-ананың рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, тренинг жүргізілді. Сонымен қатар, «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды.

**Мақсаты:** Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын, жауапкершілігін арттыру. ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. Ата-аналар дөңгелек үстелге белсене қатысып, өз ойларын, пікірін айтып шықты.



Желтоқсан айында 7-8-9 сынып оқушыларының қатысуымен семинар тренинг өткізілді. Іс-шара барысында зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Буллинг, Кибербуллинг» тақырыбында видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тақырыпқа сай сұрақтар қойылды. Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын айтып, белсене қатысты.



Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдерінің сұранысы бойынша мінез- құлқында ерекшелігі бар балаларға психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді.



Балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалаптастыруға арналған түзету-дамыту ойындары ұйымдастырып, оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтарды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту мақсатында әдістемелер қолданылды.



7-11 сынып оқушыларынан «Бақытты отбасы» тақырыбында шығарма, 5-11 сынып оқушылар аралығында «Жүректен жүрекке» тақырыбында эссе жаздырылды.



11 сынып оқушыларымен олардың ата-аналарымен «ҰБТ-білім сапасының негізі» тақырыбында пікір алмасу өткізілді.



Жоғары сынып оқушыларынан құқық бұзушылықтың алдын алу, өз-өзіне қол салу әрекетінің алдын-алу мақсатында әртүрлі жасырын сауалнамалар алынып, тренингтер жүргізілді. 7-11 сыныптар арасында келіспеушілік жағдайлардың жоқтығы анықталды, сонымен қатар, 7-11 сыныптар арасында бопсалау жоқтығы анықталды. Күйзелістің алдын – алу мақсатында оқушылармен «Ашу-ызамен не істеу керек?» атты тренингтер жүргізілді. Өз-өздеріне деген жағымды қарым-қатынастарды дамыта отырып, сезімін ояту мақсатында тренингтер жүргізілді. «Мен өзімді ұнатамын, себебі...» сөйлемді аяқтау әдістемесі 8-11 сыныптар арасында жүргізілді. Оқушылар өздері туралы жақсы көзқараста, түсініктері мол екендігін байқатты.

Әр сыныптарда өтілген ата-аналар жиналысына, жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысып, «Баланың бас ұстазы–ата-анасы», «Ата-ана, балаңызбен байланысыңыз қалай?» тақырыптарында баяндама оқылып, кеңестер берілді. Орта және жоғарғы сынып оқушыларының ата-аналарымен «Өз-өзіне қол салу» әрекеті бойынша әңгіме жүргізілді. Ата-аналарға жасөспірім шақта суициалдық мінез-құлық өзгешеліктері туралы айтылды. «Тұлғаның қалыптасуында ата-ананың рөлі» тақырыптарында баяндама оқылып, кеңестер берілді.



9 сынып ата-аналарымен баланың келешек мамандығын дұрыс таңдауына ықпал етіп, көмек көрсету туралы айтылды. Ата – аналар жиналысында «Сіз қандай ата - анасыз?», «Мен қандай ата-анамын?» атты сауалнамалар алынды. Отбасылық тәрбиенің ерекшелігі мен жан-жақтылығы өз сипаты бойынша эмоционалды болып келетіндігінде болады және өз негізінде ата-аналар мен балалардың өзара махаббатына ие болады. Ешбір балаларды тәрбиелеуші мекеме отбасылық қарым қатынасқа, эмоционалды сала мен сезімдерді тәрбиелеуге ықпал ететін модельді ойлап шығара алмайды. Отбасылық тәрбие, бала бойында, отбасылық –

тұрмыстық рөлдерді білуді, басқалады түсіну мүмкіндігін, өзін-өзі өзектендіру қабілетін дамытады. Ата-ана мен мектептің өзара әрекеттесуі үрдісі ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне және бос уақыттағы сыныптан тыс қызметке белсенді түрде қатыстыруға балалар және педагогтармен тиімді дүрде ынтымақтастығын дамытуға бағытталған болуы тиіс. Мектептегі психологиялық қызметтің тәлім-тәрбиенің орталығы болып, жас ұрпақты қоғам талаптарына сай жеке тұлға ретінде жетілдірудегі рөлі зор.

Балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалаптастыруға арналған түзету-дамыту ойын-жаттығулар, тренингтер ұйымдастырып, оқушының жалпы оқу-білім дағдысы мен біліктілікті дамыту мақсатында әдістемелер қолданылып, кеңестер беріліп келеді.

**Мектеп директоры:**

**А.Алшынбеков**

**Педагог-психологтар: У.Нысанбаева  
С.Таңатова**